

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Филология факультеті

А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы

**«Қазақ тілі: әлеуметтік лингвистика» пәні бойынша
қорытынды бақылау бағдарламасы
код KYaSL..., ID 101131**

«Б02313 – Қолданбалы қазақ тіл білімі» білім беру бағдарламасы

**Бакалавриат
Курс – 3
Семестр – 5
Кредит саны – 9**

Алматы 2025

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Куркебаев К.К. құрастырды.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы ««6B02313 – Қолданбалы қазақ тіл білімі» білім беру бағдарламасы негізінде әзірленді.

А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының отырысында қаралып ұсынылды. Хаттама № 11. 11 маусым 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі



Ә.Ж. Әміров

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты:	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН) Пәнді оқыту нәтижесінде білім алушы қабілетті болады	ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)
Әлеуметтік лингвистиканың нысанына кіретін тілдің әлеуметтік табиғаты, қоғамдық қызметі мен тілдің қоғамға, қоғамның тілге әсер ету факторлары ғылымдар тоғысында зерделенеді. Тайпалық тіл, ұлт тілі, диалекті, социодиалект, ұлтаралық тіл, койне, пиджин, креоль, аргон, жаргон, сленг сияқты тілдердің өмір сүру формалары мен әлеуметтік жіктелуі түсіндіріледі. ҚР тіл саясаты мен мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесі мен біртілділік, қостілділік, көптілділік, диглоссия, билингвизм ұғымдарына социолингвистикалық талдау жүргізіліп, мемлекеттік тіл ұғымының дефинициясы ғылыми тұрғыдан сараланады.	1. Тілдің құрылымдық-жүйелілік сипаты мен тілдің дамуы, қызмет етуі, тілдің қоғамға, қоғамның тілге әсер етуін зерделейтін әлеуметтік лингвистика туралы кешенді ақпарат беріледі.	1.1 Әлеуметтік лингвистика - түрлі ғылым салаларымен (әлеуметтану, этнография, антропология, психология, мәдениеттану, т.б.) және тіл білімінің жекелеген салаларымен (когнитивті лингвистика, гендрлік лингвистика, лингвистикалық статистика т.б.) тығыз байланыста дамып келе жатқан жеке ғылым саласы екенін игереді.
		1.2 Тілдің табиғаты және қоғамдық қызметі, тілдердің өзара әсерлері, тілдік экспансиялар туралы ақпараттарды талдап саралай алады.
	2. Әлеуметтік лингвистика пәнінің негізгі базалық ұғымдар жүйесін құрайтын тілдік қауымдастық, тіл саясаты, тілдік жағдаят, тілдік норма, қостілділік, көптілділік, мемлекеттік тіл, интерференция, тілдік вариантты-лық, тілдік жоспарлау, тілдік құқық және т.б ұғымдар жүйесі кешенді түрде сараланады.	2.1 Әлеуметтік лингвистика тілдің ішкі құрылымын зерттемейді, дегенмен көптеген тілдік элементтердің қоғамның әлеуметтік құрылымындағы элементтермен шартты байланыста зерделенетінін меңгереді.
		2.2 Әлеуметтік лингвистикадағы тілдік қауымдастық, тіл саясаты, тілдік жағдаят, қостілділік, көптілділік, мемлекеттік тіл, тілдік жоспарлау, интерференция, тілдік құқық және т.б іргелі ұғымдардың дефинициясы түсіндіріледі.
	3. Тайпалық тіл, ұлт тілі, диалекті, социодиалект, ұлтаралық тіл, койне, пиджин, креоль, аргон, жаргон, сленг сияқты тілдердің өмір сүру формалары мен әлеуметтік жіктелуіне социолингвистикалық аспектіде тілдік талдау жасалады.	3.1 Тілдердің қарым-қатынасын құрайтын біртілділік, қостілділік, көптілділік пен диглоссия, билингвизм ұғымдарының мәнін саралауға қол жеткізеді.
	4. Әлеуметтік лингвистикадағы тілдік жағдаят пен оның типтік түрлерін, геосаяси типологиясын, тілдік жағдаяттың қалыптасуына тұрғындардың этникалық құрамның әсері сараланады.	4.1. Тіл саясатының тіл дамытудағы орны мен мәнін, әлем елдеріндегі (АҚШ, Батыс Еуропа, Кеңес Одағы елдерінің және Азия елдеріндегі) тіл саясаты туралы ақпараттарды талдап меңгереді.
	5. ҚР тіл саясаты мен мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін, мемлекеттік тіл ұғымының дефинициясын саралайды.	5.1. ҚР қостілділік пен көптілділіктің типологиясын, үштұғырлы тіл саясатын, қазақ тілінің қоғамдағы өміршеңдігіне жүйелі талдау жасайды.

	6. ҚР тіл саясаты мен мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесін, мемлекеттік тіл ұғымының дефинициясын саралайды.	6.1. ҚР қостілділік пен көптілділіктің типологиясын, үштұғырлы тіл саясатын, қазақ тілінің қоғамдағы өміршендігіне жүйелі талдау жасайды.
	7. Қазақ тіліндегі тағам атауларының ұлттық этномәдени ерекшелігі түркі халықтарының тағамтану жүйесімен салыстырыла зерттеліп кешенді талдау жүргізіледі. .	7.1 Алаш зиялыларының лингвистикалық концепциялары мен кеңес дәуіріндегі лексикография, сөзжасам, синтаксис салаларының даму ерекшеліктерін меңгереді.
Пререквизиттер	Тіл білімінің жаңа бағыттары	
Постреквизиттер	Этнолингвистика	

Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы: Универ жүйесінде жазбаша

Қорытынды бақылау сұрақтары

1. Әлеуметтік лингвистиканың тарихи арналары мен басқа ғылым салаларымен сабақтастығы.
2. Тілдің шығуы, табиғаты және қоғамдық қызметі. Тілдердің өзара әсерлері.
3. Тілдік экспансиялар. Грек, латын, араб тілдері. Империя және тіл.
4. Әлеуметтік лингвистика пәнінің негізгі базалық ұғымдар жүйесі. Тілдік қауымдастық. Ана тіл мен аралас ұғымдар жүйесі. Тілдік жағдаят. Тілдік норма. Тілдік код. Интерференция. Тілдік варианттылық. Тілдік құқық.
5. Тілдердің өмір сүру формалары. Тілдердің әлеуметтік жіктелуі.
6. Рулық, тайпалық тілдер, ауыз екі сөйлеу тілі, ұлт тілі, диалектілер, социодиялект, ұлтаралық тілдер, койне, пиджин, креоль, аргө, жаргон, сленг.
7. Тілдердің қызметтік типологиясы. Тілдердің коммуникативтік рангісі.
8. Тілдік ахуал. Тілдік ахуадың төрт түрлі ерекшелігі. Тілдік жағдаятта тілдердің қолданылу типологиясы (ресми, топтық, кең коммуникациялық, діни, техникалық). Адам санасынан тысқары объективті факторлар және адам саналы қызметімен байланысты субъективті факторлар.
9. Тілдер қарым-қатынасының теориясы: біртілділік, қостілділік, көптілділік. Диглоссия мен билингвизм.
10. ҚР тіл саясаты және мемлекеттік тілдің құқықтық мәртебесі

Әдебиет:

1. Словарь социолінгвистических терминов. М., 2006. 312 с.
2. Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика. – Алматы, 2016. -248 бет
3. Қалиұлы Б. Тіл білімінің тоғыз қыры. – Алматы, 2019
4. Торе Янсон. Тіл тарихы: Кіріспе. – Алматы: Жазушы, 2019. – 244 б.
5. Беликов В.И., Крысин Л.П. Социолінгвистика. – Москва, 2011.
6. Мечковская Н.Б. Социальная лингвистика: Пособие для студентов гуманитар. вузов и учащихся лицеев.– Москва: Аспект Пресс, 2000.
7. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. (Қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992
8. Ахметжанова З.К. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Алматы, 2012.

Қосымша әдебиеттер:

9. Дешериев Ю.Д. Социальная лингвистика: К основом общей теорий. –Москва: Наука, 1977.-С.126.
10. Бондалетов В.Д. Социальная лингвистика. – Москва: Просвещение, 1987, 62-б.
11. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане. Монография. -Алматы: Экономика, 2006. – 416 С.
12. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. –Москва: Советская энциклопедия. 1966. – С.444.
13. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. Алматы: Ғылым), 1990. 33-б.

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР, СТАНДАРТТЫ ЖАЗБАША OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. Платформа: Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді зерделеу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттерді, өз ойларын жазбаша нысанда қисынды баяндай білуін, өз көзқарасын дәлелді дәлелдеуді көрсету.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билеті оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:

1-сұрақ - Курс теориясы мен тұжырымдамасын білу; баяндаудың қисындылығы. Курс мазмұнында баяндалатын теориялық ережелерді түсіну және мысалдармен растау.

2-сұрақ. Таңдаулы әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ - Ұсынылған практикалық тапсырмаға таңдалған әдістеменің қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. Жеке практикадан алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы білім алушылардың жеке куәлігі бойынша жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парағында көрсетілген отырғызу орындарына отырғызады.

2.4.3. Жазбаша offline емтиханға студент орнына басқа адам келген жағдайда кезекші оқытушы осы Қағидаларды бұзғаны туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешіккен білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жұмысқа жұмыс жазудың аяқталу белгісін жауап парақтарында - Х литерін қояды;

3) жауап парақтарын келу парақтарымен бірге деканат маманына шифрлауға ұсынады.

2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кешіктірілген жағдайда тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өздерімен бірге шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да техникалық және өзге де құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарға аты-жөнін немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысын жою актісі (бұдан әрі - Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережені қайталап бұзғаны үшін білім алушы Әдеп жөніндегі факультет кеңесінің қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, оқушы қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтиханда мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізу үшін нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. Актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жойылуға және апелляцияға жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық тәртіп бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: «Қазақ тілі: әлеуметтік лингвистика»

Форма: Стандартты жазбаша офлайн

Платформа: Univer АЖ

		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.

2 сұрақ 30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
№ 3 сұрақ 40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуға 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Қорытынды бағаны есептеу формуласы:
 Қорытынды баға (ҚБ) = (% 1 +% 2 +% 3 +% 4 +% 5 +% 6)/К, мұнда% - критерий бойынша тапсырманың орындалу деңгейі,
 К - критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды балды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
	Критерий					
1.	Критерий 1	100				
2.	Критерий 2		75			
3.	Критерий 3			60		
4.	Критерий 4				45	
5.	Критерий 5	100				
6.	Критерий 6				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критери = 71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызды негізге ала отырып, бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл бағалау шкаласына сәйкес «Жақсы» санатына сәйкес келетін 70 балдан 89 балға дейінгі ауқымда болады.

Осылайша, осы есептеу кезінде емтихан балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесіне сәйкес 72 «Жақсы» балға бағаланатын болады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін оларды бағалау мен бағалаудың дәстүрлі шкаласына ауыстыра отырып есепке алу.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
 Академиялық комитет төрағасы

А. Байтұрсынұлы атындағы
 Қазақ тіл білімі кафедрасының
 меңгерушісі

Дәріскер



Ж.А. Сарсенбай

Ә.Ж. Әміров

К.Қ. Күркебаев